

7 – сынып алгебра 13 – ші сабақ тапсырмалары.

№1. Есепте берілген таңдаманың абсолюттік жиілігі кестесі бойынша таңдаманың: 1) Салыстырмалы жиіліктер кестесін құрыңыз; 2) Құлашын табыңыз.

X	2	5	7	8
m_i	1	3	2	4

№2. Есепте берілген таңдаманың абсолюттік жиілігі кестесі бойынша таңдаманың: 1) арифметикалық орта мәнін; 2) модасы мен медианасын табыңыз.

X	4	7	8
m_i	5	2	3

№3. Есепте берілген таңдаманың абсолюттік жиілігі кестесі бойынша таңдаманың: 1) арифметикалық орта мәнін; 2) модасы мен медианасын табыңыз.

X	2	3	5	6
m_i	10	15	5	20

№4. Есепте берілген таңдаманың абсолюттік жиілігі кестесі бойынша таңдаманың: 1) Салыстырмалы жиіліктер кестесін құрыңыз; 2) Құлашын табыңыз.

X	15	20	25	30	35
m_i	10	15	30	20	25

№5. Есепте берілген таңдаманың салыстырмалы жиілігі кестесі бойынша таңдаманың: 1) арифметикалық орта мәнін; 2) модасы мен медианасын табыңыз.

X	2	4	5	7	10
m_i	0,15	0,2	0,1	0,1	0,45

№6. Есепте берілген таңдаманың салыстырмалы жиілігі кестесі бойынша таңдаманың: 1) абсолюттік жиілігі кестесін құрыңыз; 2) құлашын табыңыз.

X	1	4	5	8	9
m_i	0,15	0,25	0,3	0,2	0,1

№7. Сөздің ұзындығы деп оның құрамына енетін әріптеп санын айтады. Қазақстан гимндегі сөздер ұзындығынан құралған:

1) Салыстырмалы жиіліктер кестесін; 2) модасы мен медианасын табыңыз.



№8. Өздеріңнің әрбір пәннен II тоқсанда алған бағаларыңды тізіп жазып, олардың әрқайсысы бойынша: 1) абсолюттік жиілік кестесін; 2) арифметикалық ортасын табыңыз.

4	2	1	9	7
1	9	2	4	2
5	2	2	1	9
10	5	8	4	4
6	5	2	3	3

№9. Абсолюттік жиілік кестесі

X	-5	2	3	4
m_i	4	3	1	m

Түрінде берілген таңдаманың арифметикалық ортасы $\bar{X} = -0,3$ болса, онда m мен таңдама көлемін табыңыз.

№10. Кездейсоқ шаманың салыстырмалы жиілік кестесі

X	-2	-1	1	x_4
ω_i	0,3	0,1	0,2	p

Түрінде берілген. Егер $\bar{X} = 1,1$ болса, онда p мен x_4 – ті табыңыз.

№11. Кездейсоқ шаманың салыстырмалы жиілік кестесі

X	2	x_2	5	7
m_i	0,2	0,3	0,3	p_4

Түрінде берілген. Егер $\bar{X} = 4,2$ болса, онда x_2 мен p_4 – ті табыңыз.

№12. y – тің қандай мәндерінде

X	0	y	4	6
ω_i	0,2	0,1	0,3	0,4

Заңдылығымен үлестірілген X кездейсоқ шамасы үшін $\bar{X} = 3,8$ теңдігі орындалады?

№13. Берілген таңдама бойынша: 1) салыстырмалы жиілік кестесін; 2) арифметикалық орта мәнін табыңыз.

42 42 41 49 42
 41 49 42 41 42
 45 42 42 41 49
 40 45 41 44 44
 41 45 42 43 43

№14. Берілген таңдама бойынша: 1) абсолютті жиілік кестесін; 2) арифметикалық орта мәнін табыңыз.

55 56 56 58 57
 59 57 58 56 58
 58 56 59 57 59
 57 55 56 59 57
 56 58 56 59 59

№15. Көлемі 10 – ға тең таңдама құрамында екі элемент бар: x_1, x_2 . Мұнда $x_1 < x_2$ және x_1 элементінің абсолюттік жиілігі 6 – ға тең. Егер таңдаманың

арифметикалық орта мәні $\bar{X} = 1,4$, ал модасы $M_0 = 1$ болса, онда x_1 мен x_2 — ні табыңыз.

№16. Таңдама екі түрлі мән қабылдайды: x_1 және x_2 ($x_1 < x_2$). Мұнда x_1 элементінің салыстырмалы жиілігі 0,2 – ге тең. Егер $\bar{X} = 2,6$, $M_0 = 6,7$ болса, онда x_1 мен x_2 — ні табыңыз.

№17. Метеоролог журналында сағат 9 – дан кешкі 21 – ге дейінгі әрбір 3 сағат сайын ауа температурасының көрсетулері тіркелген мәліметтер мынадай болды:

Уақыты, сағат	9	12	15	18	21
Температурасы	6°C	10°C	18°C	12°C	9°C

Бұл кесте абсолюттік немесе салыстырмалы жиілік кестесі бола ма? Жауаптарыңызды негіздеңіз. Абсолюттік жиілік кестесі бойынша ауа температурасының арифметикалық орта мәнін және таңдама көлемін анықтаңыз.